

№2 БЖБ

Тапсырма. Мәтінді оқып, төменде берілген тапсырмаларды орындаңыз.

Өткен уақыт ішінде Қазақстан Республикасын дүниежүзінің 180-нен астам мемлекеті таныды. Қазақстан 120-дан астам елмен дипломатиялық қатынастар орнатты. Шетелдерде 40-тан астам дипломатиялық және консулдық өкілдіктер ашылды. Ал Алматы мен Нұр- Сұлтан қалаларында 50-ден астам шетелдік елшілік пен миссия, халықаралық және ұлтаралық ұйымдардың ондаған өкілдігі жұмыс істейді. Қазақстан өзінің сыртқы саясатында ең жақын және ірі көрші мемлекеттер – солтүстікте Ресеймен, ал шығыста Қытаймен тығыз қарым-қатынас орнатуға ерекше назар аударып келеді. Қазақстан мен Ресей арасында 1992 ж. 25 мамырдағы Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шартқа қол қоюдың зор тарихи маңызы бар. Ресей мен Қазақстан арасында ынтымақтастықтың одан әрі дамуында 1998 ж. 6 шілдеде Мәскеуде қол қойылған мәңгілік достық пен ынтымақтастық туралы Декларация маңызды рөл атқарды.

Тәуелсіздік жылдары оңтүстік-шығыстағы үлкен көрші мемлекет – Қытай Халық Республикасымен тату көршілік және достық қатынастар орнатуда едәуір табыстарға қол жетті. 1990 ж. Қазақстан мен Қытайдың темір жол арқылы өзара байланысы іске асты, сөйтіп, біздің республика Тынық мұхит жағалауына ең қысқа жолмен шығу мүмкіндігіне ие болды. Ең бастысы, шекараны нақтылау аяқталды. Қытаймен арадағы шекараны айқындап белгілеу Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне қосымша кепілдіктер берілгенін білдірді.

Қазақстанның сыртқы саясатында АҚШ-пен қарым-қатынасының маңызы өте зор. АҚШ Қазақстан Республикасын тәуелсіз мемлекет ретінде таныған 1991 ж. 25 желтоқсаннан бастап, екі мемлекет арасында елші дәрежесіндегі толыққанды дипломатиялық қатынастар орнады.

1. Мәтіннен 1 факті мен көзқарасты білдіретін сөйлемді мен 2 детальді ақпаратты анықтаңыз.
2. Мәтіндегі автор позициясын және мәтіннің оқырманға әсерін 3-4 сөйлеммен түсіндіріңіз.

факті	көзқарас	детальді ақпарат	автор позициясы
оқырманға әсері			

3. Мектепшілік газеттің тұрақты тілшісі ретінде публицистикалық стильдік, жанрлық ерекшеліктерін сақтай отырып, «Тәуелсіздік Күні» мерекесі тақырыбында баспасөз парағын жазыңыз.